

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

**Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылының
жылдық жұмыс есебі**

Ақтөбе 2024

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының есебі 2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: әлеуметтік пелагогтың жыл бойы атқарған қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және оқу жылының жоспарына енгізген ұсыныстар жасау.


Жұмыс объектісі – оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы:

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталды. Зерттеу барысында отбасы саны – 702, көп балалы отбасы балалары – 196/57, қолайсыз отбасы балалары – 2/1, қамқоршылық/қорғаншылық балалар – 1/1, аз қамтылған отбасы 149/78, толық отбасы балалары –927, толық емес отбасы 63/37, АӘК(АСП) алатын отбасы – 42/25, жанұяда жалғыз бала –27. Оқу жылының басын 990 оқушымен бастап, оқушымен аяқтап отырмыз.

Әлеуметтік көрсеткіш:

статус	2021/22 оқужылы	2022/23оқу жылы	2023/24оқу жылы
Бала саны	1025	979	1008
Толық емес отбасы	80	52	63
Аз қамтылған	75	109	149
Жетім, қамқорлықта	5	3	1
Көп бала	180	154	196



**Ата-анасынан айырылған және ата-ана қамқорлығынсыз қалған
балалармен жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет**

2023-2024 оқу жылы бойынша М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқитын және мектеп ауданы бойынша қамқоршылықта (қорғаншылық) – 3 бала, 3 қамқоршы бар, 1-мектеп оқушысы. Оның ішінде жетім-2, ААҚҚ - 1 (1-патронаттық тәрбиеде) тәрбиеленуде.

«Жетім, қамқорлықтағы» оқушыға байланысты көрсеткіші:

уақыты көрсеткіші	2021/22 оқу жылы	2022/23оқу жылы	2023/24оқу жылы
Жетім және қамқорлықтағы жалпы бала саны	6	5	3
Мектепте оқитындар саны	5	3	1
Оқу орны бойынша саны/жеке мектеп	1	2	2
Балабақшада тәрбиеленуші	0	0	0

Мадалиева Зухра Бакытжановна 26.07.2008 ж.т. (патронаттық тәрбиеде) М.Маметова атындағы медициналық колледж-1 курс студенті, қамқоршысы Купекова Лаззат Аскербаевна. Тұрғылықты мекен-жайы Ақтөбе қ., Абай к., 5-4.

Асылбекқызы Айсұлу 31.08.2009 ж.т. (ата-анасы қайтыс болған) М.Арын атындағы ҚҚОМ 9 «Ә»-класс оқушысы, қамқоршысы Нургалиев Кадырбек Алиханович (атасы). Тұрғылықты мекен-жайы Ақтөбе қ., Первомайская 1-4.

Булатбайқызы Ақбота 27.06.2006 ж.т. (Ата-анасы қайтыс болған) Қ.Жұбанов атындағы АМУ – 1 курс студенті;

Жыл бойына мектепте мектеп оқушысы Асылбекқызы Айсұлуға өткізілетін іс-шаралар мен акцияларға қамқорлықтағы (қорғаншылық) оқушылар қатыстырылып, бюджеттен қаржылай көмек берілді (40567 тг).

Биылғы оқу жылында Айсұлу денсаулығына байланысты Астана қаласында ауруханада емделіп, қашықтықтан оқыту жүйесімен оқып отырды.

Барлық балалар «Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа жетпеген жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша үй кезегіне тіркелген, «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» АҚ-да тұрғын үй құрылыс жинақтарының салымы (жеке шоты) ашылған. Қамқоршыларының, жеке демеушілердің көмегімен балалардың жеке шоттары толықтырылып отырады. Қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) 3 баланың жеке мүлігі (тұрғын үй) жоқ.

Барлық қамқоршылардың үйлерін аралау кезінде қамқоршылармен және қамқоршылықтағы (қорғаншылық) оқушылармен әңгімелесіп, жағдайларын білдік. Шағымдары жоқ, балалардың жағдайлары жақсы. Әр баланың өзінің бөлмелері, жататын орындары, оқу үстелдері бар.

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша республикалық «Мектепке жол», «Қамқорлық»

акциялары туралы мәлімет

Ақтөбе қалалық білім бөлімі ММ 20.07.2023ж №02-03/1650 хатына сәйкес, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын негізге ала отырып, әр балаға бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде, яғни 40567 тг. төлену мақсатында М.Арын ат.ҚҚОМ 2023 – 2024 оқу жылында мектептегі жекелеген санаттағы аз қамтылған, жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан балаларға және қамқоршылық кеңес шешімімен қабылданған балаларға құжаттары жинақталып, 183 оқушыға жобаланған көмек қазіргі уақытта 177 оқушының ата – аналарының жеке есеп шотына ақшалай көмек аударылып, оқушыларға мектеп формасы, оқу-құралдары алынғаны жөнінде ата – аналар кері байланыс жасап міндетті арнайы түбіртек фото есебін берді.

Олар: 1) Жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған -1 оқушы,

2) Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан – 42 оқушы,

3) Күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан – 128 оқушы,

4) Қамқоршылық кеңес шешімімен қабылданған – 6 оқушы.

1. Аталған оқушылар Алматы ауданына депутаты мектеп формасы, және спорттық киіммен қамтамасыз етті,

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	статусы	кл	Ата-анасының аты-жөні	Мекен-жайы	байланыс нөмірі
1	Юнус Хасан Тимурұлы	25.09.2011	көп бала	6	Юнусова Б.Е	Ақжар 1 Геофизик 1 уч 95	87079012435
2	Буранбай Адильжан Адильбекович	02.05.2013	көп бала	5	Ондыбаева А.С	Нефтеразведчиков 14/13	87478461687

2. Мектеп дене шынықтыру пәні мұғалі А.Көпеева 3 оқушы қыз балаға мектеп формасымен Кенжеғалиева Индира (көп бала) 10«А» класс, Баян Айжан 10«Б» класс, Тыныштық Ботакөз 10«Б» класс оқушыларына демеушілік көрсетті.

3. 7 «В» класс ата – аналары 7 «В» класс оқушысы іке тәрбиесіндегі анасы қайтыс болған Ұлықпан Айшаға спорттық киім алып берді 30000тг жұмсалған. Класс жетекшісі-А.Елеуова.

4. Ақтөбе облыстық тілдер басқармасының демеушілігімен төмендегі оқушыларға көмек көрсетілді

№	А.Т.Ә.	Оқитын мектебі	сыныбы	Мекен-жайы	Телефон нөмірі	Категориясы
1	Сисен Димаш Серікұлы	М.Арын ат.ҚҚОМ	1 кл	Гидрогеолог 14	87054728704	көп балалы
2	Ғабит Аяла Ринатқызы	М.Арын ат.ҚҚОМ	2 кл	ж.м.Қарғалы 2 мкр,-21	87756585977	аз қамтылған

Аз қамтылған оқушыларды Облыс әкімінің атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға -5 оқушы, Қала әкімінің атынан ұйымдастырылатын – 2 оқушы, Алматы ауданы әкімдігінің шыршасына -18 оқушы (екеуі үйден оқитын оқушы) қатыстырылды.

Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысымен 2024 жылғы бекітілген бөлініске сәйкес, мүмкіндігі шектеулі, жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына Алға қаласы, Бестамақ ауылы, «Күншуақ» сауықтыру орталығының кезекті ауысымдық демалысына мектебімізден Қайыпбаев Асылжан 4 класс, Аман Рамазан 3 класс оқушылары жіберілді.

Су тасқыны кезінде мектебімізде оқитын оқушыларға

көрсетілген көмек 04.04.2022ж

Оқушылардың аты – жөні	Класы	Мекен – жайы	Орналасқан жері	Демеуші	Көмек түрі, суммасы
Дастанқызы Малика	4 г	с/к Каргалинка 7	Кленовая 3, Спорт мектебі	Еріктілер тобы	Азық – түлік, киім түрлері 28,000 тг
Манас Актан	7 б	с/к Каргалинка 7			
Измаилова Жұлдыз	10 б	с/к Каргалинка 81			

**“М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі” КММ бойынша
орналасқан төтенше жағдайда зардап шеккен оқушының арасынан
лагерьге баратын оқушылар туралы мәлімет**

10.04-15.05.2024 ж аралығы

№	Оқушының аты-жөні	Мектебі, сыныбы	Лагерь атауы
1	Молдахмет Рамазан	М.Арын ат.ҚҚОМ 7 а	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
2	Сырлыбай Айболат	М.Арын ат.ҚҚОМ 7 ә	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
3	Қайратқызы Тұрсынай	М.Арын ат.ҚҚОМ 5 б	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
4	Толтаев Адилбек	М.Арын ат.ҚҚОМ 6 г	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
5	Дастанқызы Малика	М.Арын ат.ҚҚОМ 6 г	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
6	Әділжан Фарида	М.Арын ат.ҚҚОМ 6 а	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
7	Бисенбаев Ақылбек	М.Арын ат.ҚҚОМ 6 г	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь
8	Кенжегулов Әділбек	М.Арын ат.ҚҚОМ 7 б	Алматы облысы, Талғар ауданы «Таутұран» қала сыртындағы лагерь

Төтенше жағдайға байланысты көмек көрсетілген оқушылар (сәуір айы)

№	Оқушылардың аты – жөні	Класы	Көмек түрі	Демеуші
1	Айтышев Талғат	5 а	Аяқ киім (6000тг)	Мектеп ұстаздары Барлығы 52000тг
2	Манас Ақтан	9б	Мектеп формасы (шалбар, рубашка) (12000тг)	
3	Дәулет Жанида	9 в	Мектеп сумкасы, оқу құрал, красовка (15000тг)	
4	Әбдібай Әсем	10 б	Кросовка (6000тг)	
5	Абдибай Алишер	8 б	Кросовка (6000 тг)	
6	Сырлыбай Саламат	9 ә	Мектеп сумкасы (7000 тг)	

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың мектеп асханасынан ыстық тамақпен тамақтану жағдайы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына 6-қосымшасы негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты бойынша 2023-2024 оқу жылына құжаттар жинақталып, ұйымдастырылды.

Мектепшілік тамақтандыру туралы 01.09.2023ж. №202 бұйрығы негізінде 120 оқушының құжаттары жинақталып, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген , «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әр қайсысымыз үшін, Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77-тармағына сәйкес 2023 жылдың 1-қыркүйегінен бастап 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылып, қыркүйек айынан бастап бір мезгіл тегін ыстық тамақпен тамақтанды. Жылдың соңында 487 оқушымен аяқталды. Мектеп асханасын жалға алушы Г.А.Абилованың есебінен 5 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен тамақтанды.

Мектеп директорының 04.09.2023ж №216 бұйрығымен «Асхана жұмысын тексеретін комиссия құру туралы» және 04.09.2023ж №215 бұйрығымен «Бракераждық комиссия құру туралы» комиссия құрылып ай

сайын асхананың тазалығын, жұмысын бақылап және тамақтың сапасына мониторинг жасалынып, комиссия отырысында қаралып, тиісті шешімдер шығарылып, хаттама толтырылды.

Мектеп асханасын жалға алушы арендатор, жеке кәсіпкер - Г.А.Абилова. Мектеп асханасынан бір мезгіл тегін ыстық тамақ және буфеттік тамақ түрлері дайындалды. Арнайы шағым және ұсыныс дәптерлері мектеп асхансында ілінген.

Оқушылар тамақтану барысын әкімшілік кезекшілігі, әлеуметтік педагог және мектеп кезекшілері өзге тамақтанбайтын оқушылар кедергі келтірмеуін қадағалап, класс жетекшілер оқушыларын түгендеп отырады.

Жалпы оқушыларға тамақтанудың ережелері мен тәртібі, гигиеналық тазалық, тамақтану барысында оқушылардың бір – бірімен қарым – қатынас, дұрыс тамақтану, дәрумендердің пайдасы жайлы мектеп медибекесі мен класс жетекшілер тарапынан екі апталық класс сағаттарында арнайы уақыт бөлініп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға және тағамдарды дайындап, сапасын бақылау және мектептің медицина қызметкерлері күн сайын санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасын қадағалап, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуі, дайын тағамның тәулік сынама алу санитарлық-эпидемиологиялық заң талаптарына сәйкес жүзеге асуын қадағалап отыратын мектеп медбикесі О.Ибрагимова.

Оқушылардың тамақтану жағдайы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жалпы бала саны	1025	979	1008
Тамақтанған бала саны	128	184	487
1-4 класс	58	66	360
5-8 класс	59	88	96
9-11 класс	12	30	31
Арендатор есебінен	4	10	5

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру жағдайы

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 25-оқушыға қала сыртынан ұйымдастырылатын жазғы демалыс лагеріне жолдама берілу және мектеп жанынан ұйымдастырылатын жазғы демалыс лагеріне 100 – оқушы қамтылады деп жоспарлануда.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылының тамыз айында жұмыс жоспары дайындалып, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, бірлескен жоспар құралып төмендегі жұмыстар жасалды.

Тамыз айында Республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізіліп, шұғыл көмек ететін көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балалары мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек ұйымдастырылды.

Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін ыстық тамақпен қамту үшін құжаттары жинақталды.

Мектепке келген балаларға әлеуметтік диагностика жасалынды, тұрмыс жағдайлары зерттеліп, мәліметтері жинақталды.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы, картотекасы жасалынып, Ақтөбе қалалық білім бөліміне есебі тапсырылды.

Әлеуметтік педагог мектеп медбикесімен бірлесіп, оқушылардың тамақтану жағдайы, денсаулық жағдайына байланысты жоспарға сәйкес «Дұрыс тамақтану ережелері» түсіндірме жұмыстар, «Тамақтану ата-аналардың көзімен», «Тамақтану оқушылардың көзімен» атты сауаланама алынып, оқушылармен тығыз байланыста болды.

Жоспарға сай мектебімізде жылдың басынан «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, көмекті қажет ететін отбасыларға киім-кишектей, оқу құралдай, азық-түлік т.б. көмек көрсетілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай жекелеген санаттарына байланысты мектеп оқушылары Президенттік шыршаларға қатыстырылды.

Әлеуметтік педагог жоспарлаған бағдарламасы бойынша жұмысы жүргізіліп, қорытындысы жасалынып отырылады. Тәрбие бөлімімен, класс жетекшілер, психолог, ата-аналармен оқушылардың жағдайы жақсы жағынан көрінуіне бақылау жасалынып отырылды. Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы толық зерттеліп, бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп, қалалық білім бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасалынды, есебі уақытылы тапсырылып отырылды. Мектеп тарапынан бөлінген қаражат уақытылы жұмсалды. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізілді.

Әлеуметтік педагог



Э.К.Нурбаева

А.С.Мәндібаева